## Тақырып



# Шартты рай



Балалар үйге қандай тапсырма берілді?







# Сөзжұмбақты шеш








1.Етістіктің қанша шағы бар?



**2. Осы шақтың бір түрі.**

3. Сөйлеп тұрған сәттен әлде қашан бұрын болғанын білдіретін шақ түрі?





**4. Іс –қимылдың келешекте мақсат етіле орындалуын білдіретін шақ түрі.**

**5. Іс –қимылдың әрекетін білдіретін сөз табы.**





6. Педагог жазушы.

7.Орындаушының іс-қимылға байланысты ой-пікірін білдіретін категория.



**8. Үш шақтың жасалу жолы арқылы жасалатын рай.**



9. Іс –қимылдың бұйыру, талап ету ретіеде қолданылатын рай түрі.



**Етістіктің райлары**







Өте жақсы балалар





# Жаңа сабақ

## Шартты рай

# Шартты рай

***Іс-қимылдың,әрекеттің болу-болмау,іске асу-аспау мүмкіндігінің шартын білдіреді.***

Жақсымен  жанассаң жетерсің мұратқа,
Жаманмен жанассаң қаларсың ұятқа

# Шартты райдың жасалуы

**Етістіктің негізгі және туынды түбіріне етіс және болымсыз етістк тұлғаларына –са, -се жұрнағы жалғануы арқылы жасалады.**

**Мысалы: оқыса , көрсе .**

# Шартты райлы етістіктер жедел өткен шақ тұлғасы сияқты жіктеледі.

| Жақ | Жекеше | Көпше |
| --- | --- | --- |
| I | Айт ... | Айт... |
| II | Айт... | Айт... |
| II | Айт... | Айт... |
| III | Айт... | Айт... |

**187-жаттығу.** Шартты райлы етістіктерді теріп жазыңдар,жіктік жалғауын бөліп көрсетіңдер

1.Кісіні көрсең,есікке
Жүгіре шық, кешікпе,
Қарсы алмасаң мейманды,
Кесір болар несіпке.

2. Жақсы тәртіп әдетке айналса – ырыс,жаман тәртіп әдетке айналса – қырсық.

3.Қызылқаз (қоқиқаз) былтырғы ұясын жөндемей жұмыртқаласа, жаз құрғақшылық болады. Егер есскі ұяны жөндеп, биктететін болса, жаз жаңбырлы болады. . Егер құмырсқалар илеуін құрғақ жерге салса – жауын, дымқыл жерге салса – құрғақшылықтың белгісі.

# *Мақалдарды толықтыр*

1.Алтау ала ... ауыздағы кетеді
Төртеу түгел .... төбедегі келеді.

2.Ел болам .... бесігіңді түзе.

3.Еңбек .....  ерінбей
Тояды қарның тіленбей.

4.Ойнап .... де, ойлап сөйле

5.Әзіл .... әділ айт.

6.Тіл тас жарады,
Тас ....., бас жарады.



| № | Мысал | Ашық рай | Бұйрық рай | Шартты рай |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мен бүгін қалаға келмек-шімін. | | | |
| 2 | Осы сөзді айтсақ іс оңға басар еді. | | | |
| 3 | Бала жыламасын, Баба күрсінбесін. | | | |
| 4 | Жақсы тәртіп әдетке айналса – ырыс. | | | |
| 5 | Қадіріңді хан емес, Халық білсін. | | | |
| 6 | Күнде сабаққа баратынмын. | | | |

# Сабақты қорыту

Жедел өткен шақ
Сияқты
жіктеледі.

Іс –әрекеттің
болу-болмау
шартын
білдіреді

Шартт
ы
рай

Сөйлемде
тиянақсыз
болып
келеді.

-Са, -се
жұрнағы
арқылыжасала
ды.



# Үй жұмысы



**189- жаттығу. Шартты райлы етістіктері бар сөйлемдерді теріп жазыңдар.**


Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!